



Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 ақпандағы № 105 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 тамыздағы N 776 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.08.03 N 776 Қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 2 2 а қ п а н д а ғ ы
№ 1 0 5 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1. Миссиясы және пайымдауы

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің миссиясы - бәсекелестік қабілеттің жоғары деңгейі мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; экономиканың энергия ресурстарына өсіп отырған қажеттігін қамтамасыз ету, минералдық ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған ғылыми-технологиялық әлеуетті дамыту, энергетика секторында

өңірлік және халықаралық интеграция мақсатында экономиканың минералдық-шикізат және отын-энергетика секторларын дамыту.

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің пайымдауы:

Пайдалы қазбалардың қосымша қорларын анықтауға бағытталған геологиялық зерттеу жүйесін жетілдіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету.

Мұнай-газ өнеркәсібін мұнай-химия өнімдерін базалық және қосылған жоғары құнымен өндірудің, өңдеудің және шығарудың аяқталған технологиялық циклімен одан әрі дамыту.

Халықаралық энергетика нарықтарының ықпалды және жауапты қатысушысы ретінде мемлекеттің ұстанымын күшейту. Елдің энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Ішкі және сыртқы нарықтардың көмір өнімдеріне қажеттілігін қамтамасыз ету.

Энергия ресурстарын тасымалдау жүйелерін одан әрі дамыту.

Ядролық-энергетика саласын құру.

Отын энергетика кешені (ОЭК) салаларына энергия үнемдейтін технологияларды енгізу.

2. Ағымдағы жағдайды талдау

Геология. 2008 жылы жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестерге мемлекеттік геологиялық зерттеу, мониторинг, қолданбалы 2 ғылыми зерттеулер, мұнай және өздігінен төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою жүргізілді.

Алаңдарды геологиялық жете зерттеу (ГЖЗ-200) қазіргі геологиялық негізді алуға және қатты пайдалы қазбалардың әртүрлі түрлерінің кенорындарын анықтау үшін перспективалы 104 объектіні анықтауға мүмкіндік берді, енді олардың қорларын бекітумен жұмысты жалғастыру қажет.

Геологиялық барлау жұмыстарын орындау нәтижесінде пайдалы қазбалардың кейбір негізгі түрлері бойынша қорлардың өсуі: алтын 50 тоннаны; мыс - 840 мың тоннаны; никель - 407 мың тоннаны; марганец кені - 6 млн.тоннаны; темір рудасы - 82 млн. тоннаны; мұнай - 61 млн. тоннаны; газ - 4 млрд. текше метрді құрады.

Минералдық ресурстар Қазақстан экономикасының негізін құрайтын және қаланың негізін салушы болып табылатын тау-кен-металлургия кешені кәсіпорындарының тұрақты дамуын қамтамасыз өтетіндіктен мұнан былайғы геологиялық зерттеулерді жандандыру қажет.

Геологиялық ақпаратты қалыптастыру мемлекеттік органдар мен жер

қойнауын пайдаланушыларды жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Цифрлық геологиялық ақпарат жинау және өңдеу мақсатында ақпараттық жүйе құру, геологиялық материалдарды цифрлау бойынша жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Мемлекеттік компьютерлік дерекқор құру жөніндегі жұмыстар жалғасуда.

509 елді мекен ауыз су қорымен қамтамасыз етілді.

Каспий теңізінің су басу аймағында 8 авариялық мұнай ұңғымасы мен өздігінен төгілетін 130 ұңғыма жойылды.

Перспективада елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурстық базасын дамытудың 2003 - 2010 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес саладағы жоспарлы жұмысты жалғастыру қажет.

Жер қойнауын пайдалану. 2008 жылы минералдық-шикізат кешеніне салынған инвестицияның көлемі 2007 жылмен салыстырғанда 25,3 %-ға өсті және 22,3 млрд. АҚШ долларын құрады, оның 334 млн. АҚШ доллары элеуметтік сала мен жергілікті инфрақұрылымды дамытуға, 135,4 млн. АҚШ доллары қазақстандық персоналды оқытуға жұмсалды. Жалпы көлемнің 73 %-ы көмірсутек шикізаты бойынша жер қойнауын пайдалану объектілеріне инвестицияланды.

2009 жылдың 9 айындағы минералдық-шикізат кешеніне салынған инвестицияның көлемі 14,8 млрд. АҚШ долларын құрады.

Жер қойнауын пайдалану саласында лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелерді орындау мониторингін өткізген кезде құзыретті және уәкілетті органдардың өзара іс-қимылының жеткіліксіздігі өзекті мәселе болып табылады. Бұдан басқа, жер қойнауын пайдаланушылар мен құзырлы мемлекеттік органдардың арасында жедел ақпарат алмасу қажеттігі сезіліп отыр.

Жер қойнауы туралы қазіргі заңнаманы жүйеге келтіру бойынша жұмыс жүргізу қажет.

Электр энергетикасы. 2008 жылы электр энергиясын өндіру 2007 жылмен салыстырғанда 4,8 %-ға өсті және 80,0 млрд. кВтс. құрады. Электр энергиясын тұтыну 80,6 млрд. кВтс. құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 5,5 % жоғары.

2009 жылы электр энергиясының күтілетін өндірісі 78,72 млрд. кВтс құрайды.

Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесі (БЭЖ) Ресей Федерациясы мен Орталық Азия елдерінің энергия жүйелерімен қосарлас режимде орнықты жұмыс істейді.

Елдің энергетикалық қауіпсіздігі мен экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша электр энергетикасы саласының стратегиялық міндеттерін шешу үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы № 147-ө өкімімен Қазақстан Республикасының электр

энергетикасы саласын дамыту жөніндегі 2007 - 2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді.

2015 жылға дейінгі электр тұтыну мен электр жүктемесінің деңгейлерін болжау негізінде Қазақстан БЭЖ-і оңтүстік аймағының болжалды қуат тапшылығы, электр станцияларындағы іске қосылатын қуаттар анықталды, оңтүстік аймақта (Балқаш ОЭЖ) базалық электр станциясын орналастыру бойынша негіздемелер мен ұсыныстар және одан қуат берудің алдын ала жасалған схемасы дайындалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының электр энергетикасын дамытуға қажетті инвестиция есептелді.

Министрдің 2007 жылғы 26 маусымдағы № 153, № 154 бұйрықтарымен электр энергиясының 2015 жылға дейінгі теңгерімі, қайта құруға, жаңғыртуға және кеңейтуге жататын электр энергетикасы объектілерінің тізбесі, сондай-ақ жаңа электр энергетикасы объектілерінің құрылысы бекітілді.

Қазақстанның үш энергетикалық аймағы бойынша энергия беруші қуаттарды, электр желілерін кеңейту, жаңғырту және қайта құру бойынша инвестициялық жобалардың әзірлемесі жүзеге асырылуда.

Дүниежүзілік экономикалық форумның 2009 жылғы деректері бойынша Бәсекелестік қабілетінің ғаламдық индексінің «Инфрақұрылым сапасы - электр» индикаторы рейтингте 4 жайғасымға жоғарылады және 77-орында (81-ден).

Көмір өндіру саласында. 2008 жылы 104,9 млн. тонна көмір өндірілді, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 11,2 млн. тоннаға көп. Алғашқы рет соңғы 10 жылда көмір өндірудің 100 - миллиондық межесі еңсерілді. Көмір өндіруші компаниялар экспортқа 33,0 млн. тонна, өсуі 2007 жылға қарағанда 128 %, Қазақстанның энергетикалық кәсіпорындары - 47,3 млн. тонна, өсуі - 106 %, коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар мен халыққа - 11,2 млн. тонна көмір ж е т к і з д і .

Тұтас алғанда, көмір саласы 2008 жылы экспорттық мүмкіндіктер сияқты өскелең ішкі қажеттілікті де қамтамасыз етті.

Жекелеген көмір өндіруші кәсіпорындарда өндіріс пен басқаруды шоғырландырудың жоғары дәрежесіне қол жеткізілді. Тұрақты даму мен көмірдің баланстық қорларын тиімді алуды көздейтін өнеркәсіптік-технологиялық саясат жүзеге асырылуда.

Сонымен бірге, 2009 жылы экономикалық дағдарыс жағдайында көмір өндіру көлемінің төмендеуі байқалады. 2009 жылы көмір өндірудің күтілетін көлемі 93,6 млн. тоннаны құрайды, бұл 2008 жылғы деңгейден 11,3 млн. тоннаға немесе 10,9 % - ғ а т ө м е н .

Көмір өндіру көлемінің төмендеуінің негізгі себептері Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының тұтас электр станцияларының экономикалық дағдарыс салдарынан көмір өнімдерін тұтынуды азайтуы,

сондай-ақ 2008 жылмен салыстырғанда қыстың жылы болуы болып табылады.

Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, көмір өндіруші кәсіпорындар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 маусымдағы № 644 қаулысымен мақұлданған, Қазақстан Республикасы көмір саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамасына сәйкес белгіленген шараларды орындау бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

Энергия үнемдеу. Қазіргі уақытта іс жүзінде әлемнің өнеркәсібі дамыған барлық мемлекеттерінде энергия үнемдеу мәселесі қарқынды шешілуде.

Заманауи нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу елде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін дамытудың негізгі талабы болып табылады. Осыған байланысты, «Энергия үнемдеу туралы» Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламентіне қарауға енгізілді.

Энергия үнемдеу - бұл бейіндік Министрліктің ғана емес, жалпы мемлекеттік ауқымдағы міндет. Энергия үнемдеу бойынша барабар шара қабылдау, өнеркәсіп және тұрғын үй-коммуналдық саланың барлық салаларында қамтамасыз етілуі т и і с .

«Энергия үнемдеу туралы» Заң жобасында өнеркәсіптегі энергия тұтынуды төмендету үшін мынадай шаралар көзделеді:

1) жаңа объектілерді оларға есепке алу аспаптары мен отын-энергетика ресурстарының шығынын реттеу жүйесін орнатпай пайдалануға беруге тыйым салатын норма қарастырылады;

2) энергия тиімді құрылғыларды әкелушілер үшін кедендік жеңілдіктер белгілеу ;

3) келесі мониторинг үшін ірі кәсіпорындар мен ұйымдар енгізілетін энергия үнемдеу туралы деректердің мемлекеттік тізілімін жасау;

4) берілген міндетті орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілік қолдана отырып уақтылы жөндеу жүргізуге және мүлікті жаңғыртуға міндет белгілеу;

5) энергия тұтыну нормативтері.

Заң жобасында: энергия тұтыну нормативтерін бекіту, тұтынушылар мен электр энергиясын өндірушілердің құқықтары мен міндеттерін белгілеу және олардың заң нормаларын орындамауға байланысты әкімшілік жауапкершілік белгілеу; дайдаланылатын үй-жайлар мен құрылғыларды міндетті 5 энергетикалық тексеру; құрылыс жобаларына міндетті сараптама жасау; энергия тиімділігі деңгейі нормативтегіден артық жаңа құрылыс объектілерін салуға тыйым салу; энергия үнемдеу үшін мониторингке жататын объектілердің тізіліміне енгізу; мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларын регламенттеу көзделеді.

Жанартылатын энергия көздері. Қазақстанның электр энергетикасын дамыту және экологиялық проблемаларын шешудің басым бағыттарының бірі

жаңартылатын энергетика ресурстарын пайдалану болып табылады. Қазақстанда жаңартылатын энергетика ресурстарының әлеуеті (су энергиясы, жел және күн энергиясы) аса маңызды. Қазақстан Республикасының Президенті «Нұр-Отан» ХДП партиясының кезектен тыс XII съезінде «Қазақстанның индустриалдық-технологиялық дамуы біздің болашағымыз үшін» сөйлеген сөзінде маңызды бағыт жаңартылатын энергия көздерін желдің күші мен күн сәулесін пайдалану есебінен дамыту болып табылатынын атап көрсетті.

Қазақстан аумағы үшін жаңартылатын энергия көздерінің мынадай түрлері: шағын су электр станциялары; күн жылу және электр энергиясын өндіруге арналған күн қондырғылары; жел энергетикасы неғұрлым перспективалы.

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау бойынша бірнеше шараларды көздейтін «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2009 жылы 4 шілдеде қабылданды.

Бүкіл әлем бойынша жаңартылатын энергия көздерін пайдалану өсіп келеді.

Мұнай өнеркәсібі. 2008 жылы республикада мұнай және газ конденсатын өндіру 70,6 млн,- тоннаны құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5%-ға ұлғайғандығын көрсетеді.

62,8 млн. тонна мұнай экспортталды. 12 млн. тоннадан астам мұнай ішкі нарыққа шығарылды және өңделді, өсу 2% құрады. 2491,1 мың тонна бензин (94,8 %), 3986,9 мың тонна дизель отыны (101,7 %), 3134,6 мың тонна мазут (121,7%), 399,2 мың тонна авиакеросин (154,7 %) өндірілді.

2009 жылы республикада күтілетін мұнай және газ конденсатын өндіру 75,77 млн. тоннаны құрайды. Мұнай экспорты 68 млн.тоннаны құрайды. Мұнай өңдеу 12,1 млн. тоннаны құрайды. 2590 мың тонна бензин, 3800 мың тонна дизель отыны, 3270 мың тонна мазут, 370 мың тонна авиакеросин өндірілетін болады.

2009 - 2014 жылдары республикада мұнай және газ конденсатын өндіру Теңіз, Қарашығанақ кенорындары жобаларын іске асыру есебінен, сондай-ақ Қашаған кен орнында өндіруді бастау есебінен ұлғайтылатын болады.

Отандық мұнай өңдеу зауыттарында қолданыстағы өңдеуші қуаттардың қондырғыларын қайта құру мен жаңғырту жөніндегі іс-шаралар жоспарланады. Бұл ретте республиканың тұтынушыларын ЕВРО-3, 4 талаптарына сәйкес келетін сапалы мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету, қоршаған ортаға зиянды әсерді азайту, Қазақстан Республикасының автомобиль және авиация отынына қажеттілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мұнай өңдеу зауыттарының мұнай өңдеу жөніндегі жиынтық қуатын жылына 17 млн. тоннаға дейін жеткізу.

Министрлік Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2010 жылдарға арналған (II кезең) іс-шаралар жоспарын іске асыруды ұйымдастыру мен бақылауды жүзеге асырады.

Республиканың өндірістік-әлеуметтік объектілеріне мазутты және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін көктемгі-күзгі дала жұмыстарына дизель отынын жеткізу және авиакеросинді жеткізу бойынша мұнай мен мұнай өнімдерінің негізгі ресурс ұстаушыларына республиканың әуежайларын бекіту кестесін бекіту қамтамасыз етіледі.

Мұнай өндіру көлемін ұлғайту мұнай-көлік инфрақұрылымын дамытуды талап етеді. Экспорттық жүйелердің жаңасын құру және барларын кеңейту жөніндегі жұмыс өзекті болып табылады. Каспий Құбыр Консорциумының мұнай құбырын жылына 67 млн. тоннаға дейін, оның ішінде ҚР бойынша жылына 50 млн. тоннаға дейін кезең-кезеңмен кеңейту, Ескене-Құрық мұнай құбыры (Ескене-Құрық мұнай құбырының өткізу қабілетін бастапқы кезеңде жылына 23 млн. тонна, кейін жылына 56 млн. тоннаға дейін ұлғайтып) мен Транскаспий жүйесін (Каспий теңізінің қазақстандық жағалауындағы терминал, танкерлер мен кемелер, Каспий теңізінің әзірбайжандық жағалауындағы терминал және жалғастыру құрылғылары) қамтитын Қазақстан Каспий Тасымалдау Жүйесін Баку - Тбилиси - Жейхан құбырына жалғау мәселелері

п ы с ы қ т а л у д а .

Кеңқияқ-Құмкөл учаскесінің Қазақстан-Қытай мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің 1-кезегін салу аяқталды.

Газ өнеркәсібі. Табиғи және ілеспе газды өндіру 2008 жылы 33,5 млрд. текше метрді құрады, өсуі 2007 жылмен салыстырғанда 13,1 %. 2008 жылы республиканың мұнай және газ өндейтін кәсіпорындарында 1445,1 мың тонна сұйытылған көмірсутек газы өндірілді, өсуі 101 % құрады. Оның ішінде шамамен 1008 мың тоннасы экспортқа жөнелтілді және 437,1 мың тонна ішкі нарыққа жөнелтілді (2007 жылға қарағанда 95 %).

Республика облыстарының табиғи газ тұтынуының көлемі 9,0 млрд. текше метрді құрады және 2007 жылы тұтынған газдың көлемінен 3,9 % артты. Газ экспортының көлемі 5,7 млрд. т. м (алмасу операциясы арқылы ҚР ішкі нарығына жіберілетін Қарашығанақ газын есептемегенде) құрады.

2009 жылы күтілетін газ өндіру 35,6 млрд. текше метрді құрайды. Табиғи газ тұтыну көлемі 8,2 млрд. текше метрді құрайды. Газ экспорттау көлемі 7,0 млрд. текше метрді құрайды.

Ішкі нарықты газбен қамтамасыз ету үшін 2006 жылы «Газпром» ААҚ, «Өзбекмұнайгаз» ҰХК және «ҚазмұнайГаз» ҰҚ» АҚ арасында Газдың қарсы жеткізілімі туралы келісімге қол қойылды.

Қазақстанда магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілерінің тарихи қалыптасқан жүйесіне сәйкес оңтүстік өңірлер әдеттегідей өзбек газымен қамтамасыз етіледі. Республиканың оңтүстігінің қажеттілігі соңғы 7 жылдары 1,7 -ден 3,8 млрд. текше метрге дейін өсті. Сонымен қатар табиғи газ өндіру

көлемінің төмендеуін және Өзбекстанда газға қажеттіліктің қыста артатындығын ескере отырып, жыл сайын күзгі-қысқы мезгілде өзбек газын жеткізу шектеледі.

Бейнеу-Шымкент газ құбырын салу Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігінің жақсаруына жағдай жасайтын болады және елдің газ өндіретін батыс өңірлерінен оңтүстікке берілетін газ ағынын қамтамасыз етуге және өзбек газының жеткізіліміне тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан ішкі және сыртқы нарықтарға көмірсутектерді жеткізудің көп векторлы принциптеріне сүйене отырып, табиғи газдың транзиті мен экспорттық жеткізілімі бойынша барлық экономикалық тиімді бағыттарды дамытуға ұ м т ы л а д ы .

2007 жылғы 20 желтоқсанда Мәскеу қаласында Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ресей Федерациясының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметінің арасындағы Каспий маңы газ құбырын салудағы ынтымақтастық туралы к е л і с і м г е қ о л қ о й ы л д ы .

Сондай-ақ 2007 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды .

Осы Келісімдерді іске асыру елдің транзиттік және экспорттық әлеуетін жақсартуға мүмкіндік береді және тиісінше Қазақстан экономикасының дамуына ж а ғ д а й ж а с а й т ы н б о л а д ы .

Газ тасымалдау саласындағы нормативтік базаны жетілдіру мақсатында газды тұтыну, коммерциялық есепке алу аспаптарын пайдалану, баға белгілеу процестерін мемлекеттік реттеу жолымен сұйытылған газды тұтынушылар мен өнім берушінің арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеуге бағытталған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы № 568 қаулысымен бекітілген Сұйытылған көмірсутек газын жеткізу, тасу және пайдалану ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қаңтардағы № 22 қаулысы).

Жанар-жағар май материалдары шығысының нормаларын, газ құбырларының желілік бөлігінде, компрессорлық станцияларында, газды жерасты сақтау қоймаларында жабдық, қосалқы бөлшектер мен материалдар, авариялық қор, энергетикалық ресурстар шығысының нормаларын, газды магистральдық газ құбыры арқылы тасымалдау кезінде өз мұқтаждарына және технологиялық ысыраптарға газ шығысының, магистральдық газ құбырларында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге және жаңа технологиялар енгізуге арналған шығыстардың нормаларын есептеу жөнінде 30 әдістемелік нұсқаулар әзірленген.

Магистральдық және газды бөлгіш жүйелерді пайдалануға, қызмет көрсету

мен жөндеуге, шығыс нормаларына қатысты 40-қа жуық мемлекеттік стандарттар әзірленген, оның көп бөлігі ИСО стандарттарының негізінде әзірленген.

Мұнай-химия саласында республикада көмірсутек шикізатын тереңдетіп өңдейтін және жоғары қосылған құнымен мұнай-химия өнімдерін шығаратын өндірістік қуаттар құру жөнінде министрлік «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-пен, «Kazakhstan Petrochemical Industries» ЖШС-пен және басқа да мұнай-химия кәсіпорындарымен бірлесіп, нақты серпінді инвестициялық жобаларды іске асыру кезеңіне кірісті. Оларды іске асыру бойынша негізі іс-шаралар Мұнай-химия өнеркәсібін дамытудың 2008 - 2013 жылдарға арналған бағдарламасында белгіленді.

2007 жылғы желтоқсанда Мемлекет басшысының Жарлығымен Атырау облысының әртүрлі географиялық алаңдарында «Ұлттық индустриалдық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) құрылды. АЭА-ның аумағы 3475,9 гектарды құрайды.

Осы Жарлықты іске асыру мақсатында АЭА-ның уәкілетті органы етіп ЭМРМ-ді белгілеу, АЭА-ға әкімшілік ету және АЭА ММ жер бөлу жөніндегі мемлекеттік мекемесін құру көзделген «Ұлттық индустриалдық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі № 314 қаулысы қабылданды.

ЭМРМ-нің 2008 жылғы 16 сәуірдегі № 116 бұйрығымен «Ұлттық индустриалдық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының әкімшілігі» ММ құрылды. Жер мәселелерін шешу Жер кодексіне сәйкес жүргізілетін болады.

Жылына қуаты 1,3 млн. тонна базалық мұнай-химия өнімдерін, оның ішінде 800 мың тонна полиэтилен және 500 мың тонна полипропилен алатын әлемдік деңгейдегі интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысы Атырау облысының Қарабатан теміржол станциясы мен Теңіз аланына жақын жерде (газ бөлу қондырғысы) жүзеге асырылатын болады.

Мемлекет инфрақұрылым объектілерін салуда Жобаға қолдау көрсетуге шешім қабылдады, сондықтан жобаның құрылысы бойынша жұмыс бір мезгілде екі бағытта.

- ЖСҚ әзірлеу және инфрақұрылым жасау (11 физикалық объекті) 96 млрд. теңге көлемінде мемлекеттің қаржылай қолдауымен жүзеге асырылатын болады, оның ішінде 14 млрд. теңге - 2008 - 2009 жылдары бөлінген бюджеттік несие; 82 млрд. теңгені Ұлттық қордан (2010 - 2012 жылдары) облигациялық заем түрінде бөлу жоспарланады.

- ЖСҚ әзірлеу және кешеннің негізгі қондырғыларын жасау меншікті және

заемдық инвестициялық қаражат есебінен жүргізілуде. Қазіргі кезде кешен құрылысына тартылған қаржыландыру көздері мен көлемі пысықталуда.

Мұнай-химия өндірістерін құрудың инвестициялық жобаларын әзірлеу және оларды іске асыруға дайындау кезінде Атырау мұнай өңдеу зауытының (АМӨЗ) технологиялық мүмкіндіктері мен өндірістік ресурстары ескерілді, келешекте Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2009 жылғы 14 мамырдағы № 712 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мұнай өңдеу зауыттарын дамытудың 2009 - 2015 жылдарға арналған кешенді жоспарының 9 іс-шараларына сәйкес, басқа да мұнайгаз өңдеу зауыттарының ресурстық және технологиялық мүмкіндіктері белгіленетін және тартылатын болады.

АЭА шеңберінде Министрлік пен «ҚазмұнайГаз» ҰК» АҚ мынадай жобаларды жасауға дайындады.

- Атырау МӨЗ-де хош иісті көмірсутектер өндіретін кешен салу (2010 - 2011 жылдары) .

- Ақтау пластикалық масса зауытында жол битумын өндіруді ұйымдастыру (2010 - 2011 жылдары) .

Атом өнеркәсібі. Қазақстан Республикасында атом өндіру көлемі 2008 жылы 8512 тоннаны немесе 2007 жылмен салыстырғанда 128 % құрады. Уранның шала тотығын-тотығын өндіру көлемі 8130 тоннаны құрады, өсуі 2007 жылғы деңгейге қарағанда 30 % құрады. Отындық таблеткалар шығару көлемі 176 тоннаны құрады. Уранның диоксид ұнтағын өз шикізатынан өндіру көлемі 2007 жылғы деңгейде сақталды және 34,7 тоннаны құрады.

Бериллий өнімін шығару 1689 тоннаны құрады. Алдыңғы жылмен салыстырғанда, өнім шығару 6,3 %-ға ұлғайды. Тантал өнімін шығару көлемі 306 тоннаны құрады. Тантал өнімін шығару 2007 жылдың деңгейіне қарағанда 74 %-ға ұлғайды. Ниобий өнімін өндіру көлемі 65 тоннаны құрады. Алдыңғы жылмен салыстырғанда өнім шығару 40 %-ға артты.

2009 жылы күтілетін уран өндіру көлемі 13462 тоннаны құрайды.

Жұмыс істеп тұрған кеніштерде уран өндірудің көлемін ұлғайту жөніндегі жұмыстар жалғастырылуда және жаңа кеніштер пайдалануға берілмек. Ресеймен, Жапониямен, Канадамен өндіру жөніндегі бірлескен кәсіпорындар құрылды.

Экспортқа отындық таблеткаларды, табиғи уранды жеткізіп беру, француздық «АРЕВА» және американдық «General Electric» үшін скрапты қайта өңдеу бойынша ядролық-отын циклінің қызметі жүзеге асырылуда. Батыс дизайнының реакторлары үшін отындық таблеткаларды сертификаттау бойынша жұмыс жүргізілуде.

«Kansai Electric» және «Sumitomo» жапон компанияларымен ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде қазақстандық отын циклінің қызметтерін жапон нарығына ілгерілету және жапон АЭС-і үшін ядролық отын компоненттерін

жеткізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Атом энергетикасын отынмен қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті сала құру бірінші кезекте отандық атом электр станцияларын (АЭС-ті) отынмен жабдықтау мәселесін шешуге мүмкіндік береді, ал келешекте Қазақстан Республикасының жоғары технологиялық уран өнімінің әлемдік нарығындағы дербес ұстанымын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Осы міндеттерді шешу үшін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ базасында толық ядролық отын циклінің сатылас интеграцияланған компаниясын құру көзделуде. Осы мақсатта жоғары технологиялы уран өнімдерін өндіретін кәсіпорындар құрылуда: Ангарск қаласында (РФ) уранды байытатын бірлескен қазақстан-ресей кәсіпорны құрылды; канадалық «Самесо» корпорациясымен 10 «Үлбі металлургия зауыты» АҚ базасында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-пен бірлескен уран гексафторидің шығаратын кәсіпорын құру жөніндегі келісімге қол қойылды; «АРЕВА» француз компаниясымен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-пен АЭС-ке арналған ядролық отын өндірудің түпкілікті өнімі - ядролық реакторлар үшін жылу бөлетін құрастырымдар (ЖБК) шығаратын бірлескен кәсіпорын құру жөніндегі келісімге қол қойылды.

Ақтау қаласындағы БН-350 реакторын пайдаланудан шығару жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет. Ол үшін сұйық радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу кешенін салу және 2009 жылы пайдаланылған ядролық отынды Ақтау қаласынан Курчатов қаласына көшіру және «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС-тің аймағында сұйық радиоактивтік қалдықтарды сақтау үшін резервтік сыйымдылықтарды құрастыру мәселелерін шешу керек.

2008 жылдың желтоқсанында жоғары сыйымдылықты тантал ұнтақтары өндірісін құру жөніндегі жоба аяқталды, нысаналар мен сымдарды шығару мақсатында тантал өндірісін қайта құру бойынша жоба іске асырылуда.

Ядролық энергетика. Бүкіл әлемде энергетикалық қажеттіліктің өсуі, мұнай мен табиғи газ бағасының тұрақсыздығы; органикалық отынды пайдалануға байланысты экологиялық шектеулер; бірқатар елдердегі энергиямен жабдықтау сенімділігіне қатысты алаңдаушылық жаңа энергетикалық технологияны дер кезінде дайындауды өзекті етіп отыр. Жаңадан жаңартылатын энергия көздері мен басқарылатын термоядролық синтезді белсенді түрде зерттеу әзірше оларды кең ауқымда дәстүрлі отынның орнын басатын шынайы бәсекеге қабілетті тәсілдер ретінде қарауға мүмкіндік бермейді.

Атом энергетикасы басқа энергия технологияларымен салыстырып қарағанда маңызды принципті ерекшеліктерге ие: ядролық отында миллиондаған есе көп энергияның шоғырлануына және іс жүзінде сарқылмас ресурстарға ие болады; атом энергетикасының қалдықтары біршама аз көлемде болады және сенімді

оқшауландырылуы мүмкін, ал олардың неғұрлым қауіптілерін ядролық реакторларда «біткенше жағуға» болады; ядролық отын циклі қалдықтардың радиоактивтілігі мен радиоулылығы олардың уран ендіретін рудадағы мәнінен асып түспейтіндей болып іске асырылады.

Сонымен, ядролық энергетика қазып алынатын органикалық отында энергетиканың едәуір бөлігінің біртіндеп орнын толтыру және басым энергия технологиясы ретінде қалыптасуы үшін барлық қажетті әлеуетті қасиетке ие болады.

Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі электр энергиясын өндіру мен тұтыну динамикасын талдау электр тұтынудың өсу қарқынының едәуір өскенін көрсетеді және бұл үрдіс болашақта сақталады. Электр тұтынудың өсу қарқынының едәуір өсуі Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығы корпорациясы кәсіпорындарының дамуына, тұрғын үй құрылысы қарқынының артуына, өнеркәсіп кәсіпорындарында өндірісті қалпына келтіруге, ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіп кластерлерін құруға, мұнай мен газ өндіру көлемін өсіруге орайластырылған. Электр энергиясы мен жылу өндіруді әртараптандыру елдің қолданыстағы отын-энергетика қауіпсіздігін құрылымдық қайта құру мен жаңғыртуды көздейді. Ұзақ мерзімді перспективада елдің кепілді энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін АЭС салу және оны іске қосу көзделуде, бұл отын цикліне уранның едәуір қорын тартуға және қолда бар көмірсутек шикізатын неғұрлым ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Атом энергиясын пайдалану саласындағы қауіпсіздікті реттеуді Министрліктің Атом энергетикасы комитеті жүзеге асырады. Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру, лицензиялау, нормативтік құжаттарды әзірлеу қауіпсіздікті мемлекеттік реттеу элементтері болып табылады.

Тұтастай алғанда, рұқсаттама құжаттар саны 2014 жылы 2010 жылға қарағанда 30 %-ға төмендеуі жорамалданып отыр.

3. Стратегиялық бағыттар, қызметтің мақсаттары мен міндеттері

1-стратегиялық бағыт. Елдің минералдық-шикізат кешенінің тұрақты дамуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету						
1.1-мақсат. Елдің минералдық-шикізат кешенін минералдық шикізат қорларымен қамтамасыз ету						
Мақсатты						
Өндірілген пайдалы қазбалардың негізгі түрлерінің қорларын толықтыру пайызы 2008 жылғы 20 %-дан өтелгеннен көп қажет етілетін пайдалы қазбалар бойынша: алтын, мыс, полиметалдар) болмақ.						
1.1.1 -міндет. Болжамдық ресурстарды бағалай отырып Қазақстан аумағының зерттелуін қамтамасыз ету						
Атауы	Өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең		
		2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.

1. 1:200000 масштабында болжамдық ресурстарды бағалаумен алаңдарға геологиялық жете зерттеулер:	мың шаршы км	41,63	35,0	50,4	43,9	58,4
алтын	тонна	150	100	110	105	170
мыс	млн.тонна	1,2	0,8	1,0	1,0	1,5
полиметалдар	млн.тонна	6,5	4,5	6,1	6,0	7,5
ГДП - 200 өткізу аумағын қамту	%	79,72	81	84,2	87,0	93,2
2. Болжамдық ресурстарды бағалаумен кенді аудандарды геологиялық-минерагендік карталау:	мың шаршы км	16,5	15,0	8,3	12,0	16,0
алтын	тонна	2,1	1,8	2,3	2,4	2,5
мыс	млн.тонна	0,2	0,1	0,4	0,5	0,5
полиметалдар	млн.тонна	3,1	0,3	3,3	3,4	3,3
ГМК - 200 өткізу аумағын қамту	%	8,8	13,0	26,8	31,2	38,0
3. 1:200000 масштабында инженерлік-геологиялық зерттеулермен гидрогеологиялық жете зерттеу	мың шаршы км	20,93	19,02	22,07	19,48	25,0
Жете зерттеуді талап ететін алаң 1561, 3 мың шаршы км	%	2,2	3,4	4,8	6,1	7,6
4. Аэроғарыштық және геологиялық-геофизикалық деректерді кешенді талдау негізінде пайдалы қазбалар кенорындарын болжау	мың шаршы км					70,0
Қазақстан аумағын қамту - 2,7 млн. шаршы км	%					7,8
1.1.2-міндет. Пайдалы қазбалар кенорындарын орналастырудың өңірлік және жергілікті заңдылықтарын анықтау						
1. Қолданбалы ғылыми зерттеулер	жоба	5	2	2		
а) геологиялық барлау жұмыстары өндірісіне енгізілген ғылыми әзірленімдер	%		100,0	100,0		
2. Жаңа тәжірибелік - конструкторлық технологиялар	жоба	2	2	1		
а) геологиялық барлау жұмыстары өндірісіне енгізілген тәжірибелік-конструкторлық әзірленімдер	%	100	100	100		

1.1.3-міндет. Пайдалы қазбалардың түрлері, оның ішінде неғұрлым көп қажет етілетін: алтын, мыс, полиметалдар б

1. Қорлардың өсуімен қатты пайдалы қазбаларға іздеу-бағалау жұмыстары:	учаске	12	8	14	14	10
алтын	тонна	10	10	11	11	9
мыс	мың тонна	50	150	80	100	100
полиметалдар	мың тонна	100	0	100	120	120
2. Көмірсутек шикізатына геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу	объект	2	1		1	1
3. Геотермальды суларға іздеу - барлау жұмыстары	объект	1				

1.1.4-міндет. Қазақстанның барлық аумағында елдің минералдық-шикізат кешенінің жағдайы туралы мемлекетті қамтамасыз ету

1. Пайдалы қазбалардың негізгі 35 түрі бойынша ресурстық әлеуетті нақтылау	жоба	6	8	8	8	8
2. Минералдық шикізат базасының жағдайы туралы анықтамалықтар дайындау, нормативтік-әдістемелік құжаттарды жасау	жоба	3	2	2	2	2
3. Тоқсандық «Геология және жер қойнауын қорғау» ақпараттық-сараптамалық журналын шығару	журнал	4	4	4	4	4

1.1.5-міндет. Геологиялық ақпарат дерек қоры мен геоақпараттық жүйелерді қалыптастыру

1. Геологиялық ақпаратты қалыптастыру	іс-шара	16	16	18	18	18
2. Геологиялық ақпаратты өңдеудің ақпараттық жүйелерін құру	жүйе	1	4	0	1	1
3. Дерекқорды цифрлық геологиялық ақпаратпен толықтыру (оның ішінде ретроспективті)	%	10	15	25	75	95

1.2-мақсат. Халықты жерасты ауызсуымен қамтамасыз ету

М а қ с а т т ы

1650 ауыл ауызсудың тапшылығын қатты сезінуде. Қазіргі уақытта оларды тұщы жерасты суларының жеткілікті 401 ауыл) құрайды. 2014 жылы тұщы жерасты суларының қорларымен қамтамасыз етуді 57,3 % дейін жеткізу керек.

1.2.1-міндет. Ауылдық елді мекендерді сапалы жерасты ауызсумен қамтамасыз ету үшін жерасты сулары кенорынд

1. Жерасты суларына іздеу - барлау жұмыстары	ауыл	197	108		51	102
Барлығы 1650 ауылдық елді мекен	%	24,9	30,8	30,8	33,5	43,2
2. Тұщы жерасты сулары кенорындарының қорын						

қайта бағалаумен жете барлау	кенорны		2		9	28
Барлығы 194 кенорны	%		1,0	1,0	5,5	29,9
3. Атбасар, Атбасар - Есіл маңы, Нұра және Рождественский (Жоғары Романовский учаскесі) жерасты сулары кенорындарының қорларын қайта бағалау	кенорны			4		

1.3-мақсат. Қазақстанның барлық аумағындағы жерасты суларының ресурстық әлеуетінің сапасы және қауіпті геол ақпаратпен қамтамасыз ету

М а қ с а т т ы

1. 2014 жылы зерттеуді бақылаулардың мемлекеттік желісімен қамтуды қамтамасыз ету: жерасты сулары - 7000-н полигондар; қауіпті геологиялық процестер - 850-ден кемінде 136 постылар, полигондар. Жерасты суларының процестердің жағдайы туралы жыл сайын;
2. 2014 жылы 1026 гидрогеологиялық ұңғымаларды (2149-дан) және 99 мұнай ұңғымасын (99-ден) жою және консервациялау

1.3.1-міндет. Жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестер жағдайын бағалау және болжау, іс - шараларды ә

1. Жерасты суларының мониторингі:						
1) пункттерде	пункт	5 000	5 000	5 000	5 000	5 000
2) жер сілкіністерінің хабаршыларын зерттеу постыларында	пост	13	13	13	13	13
3) жерасты суларының техногендік ластану полигондарында	полигон	4	5	5	5	5
4) мемлекеттік су кадастрын жүргізу	кадастр	1	1	1	1	1
5) жер сілкінуді алдын ала зерттеу бойынша постылар көру	пост					6
6) бақылау пункттерін құру	пункт					23
7) жерасты суларының техногенді ластануына полигон құру	полигон					1
2. Қауіпті геологиялық процестер мониторингі:						
1) постыларда	пост	42	42	42	42	42
2) полигондарда	полигон	2	2	2	2	2
3) постылар құру	пост					20
4) жерасты суларының мониторингін және қауіпті геологиялық процестерді жүргізуді сүйемелдеу	объект	9	10	10	10	10

1.3.2-міндет. Өздігінен төгілетін гидрогеологиялық және мұнай ұңғымаларын жою және консервациялау

1. Гидрогеологиялық ұңғымаларды жою	ұңғыма	85	58	зерттеу	200	210
-------------------------------------	--------	----	----	---------	-----	-----

Барлығы - 2149 ұңғыма	%	21,3	24,0		33,3	43,0
2. мұнай ұңғымаларын жою	ұңғыма	4	19	зерттеу	10	10
3. мұнай және өздігінен төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды зерттеу:						
теңізде	ұңғыма				1 900	
құрлықта	ұңғыма				11 000	
гидрогеологиялық	ұңғыма				3 500	

1.4-мақсат. Минералдық-шикізат кешенінде (МШК) инвестициялардың тұрақты өсуін қамтамасыз ету

М а қ с а т т ы

1. 2014 жылы минералдық-шикізат кешеніне тікелей инвестициялардың
2. 2014 жылы Қазақстанның ЕІТІ талаптарының барлық өлшемдерін (18) орындауы. Өндіруші компаниялардың уақытта Қазақстан Республикасы талаптардың 4 өлшемін орындады және кандидат елдердің тізіміне кірді. 110 ком

1.4.1-міндет. Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін қ

1. Мемлекеттік органдарды және жер қойнауын пайдаланушыларды жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесімен қ а м т у :	%		20			
1) Құру және тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану кезеңінде						
2) Өнеркәсіптік пайдалануға қосу кезеңінде	%			50		
3) «Электрондық үкімет» жүйесіне енгізу кезеңінде	%				100	
4) Өнеркәсіптік пайдалану кезеңінде						100
2. Жер қойнауын пайдаланушылардың барлық келісім-шарттарын жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай жүйесімен қамту:						
1) Құру және тәжірибелік өнеркәсіптік пайдалану кезеңінде	%		10			
2) Өнеркәсіптік пайдалануға қосу кезеңінде	%			30		
3) «Электрондық үкімет» жүйесіне енгізу кезеңінде					70	
4) Өнеркәсіптік пайдалану кезеңінде						100

1.4.2-міндет. Жер қойнауын пайдалану саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы						
---	--	--	--	--	--	--

» Қазақстан Республикасының Заң жобасының нормаларын іске асыруға нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу	НҚА жобасы	3	3	2	2	2
1.4.3-міндет. Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың сапалық деңгейін арттыру						
1. Келісім-шарттар бойынша қаржылық міндеттемелердің орындалу деңгейін арттыру	%		70	75	80	80
2. Мемлекеттің операция жүргізу шарттары бойынша мүддесін консультациялық қызметтерді алу жолымен қамтамасыз ету	адам/сағ	10 600	10 000	3 333	3 333	3 333
1.4.4-міндет. Қазақстан Республикасының 2009 жылы валидациядан өтуі және Қазақстан Республикасының қызметінің ашықтығы бастамасын (ЕІТІ) іске асыруға қатысушы елдердің валидациясының (бағалау кестесінің) бағаларын елдердің мәртебесін алуы. Ұстаным мен жетістікті бекітетін процесс ретінде 2012 жылы қайтадан валидациядан өту						
1. Қазақстан Республикасының валидация өлшемдерінің сәйкестігіне қол жеткізуі	өлшем	5, 6, 8, 9, 10, 14, 15, 17, 18	7, 11, 12, 13, 16	7, 11, 12, 13, 16	7, 11, 12, 13, 16	11, 12, 13
2. Жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші мұнай-газ және тау-кен секторларының барлық өндіруші компанияларының өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасына қатысуын, олардың тиісті есеп беруін қамтамасыз ету	бюджетке төлемдер бойынша төлемді қамту %	48	60	70-75	75-80	80-85
1.5-мақсат. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардағы қазақстандық қамтудың үлесін арттыру						
М а қ с а т т ы						
2014 жылы ӨБҚ-дан басқа жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алудың жалпы көлеміндегі қазақстандық қамтуға дейін, жұмыстар мен қызметтер бойынша 85%-ға дейін жеткізу.						
1.5.1-міндет. Қазақстан Республикасының жер қойнауын басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің шеңберінде тиімді жүйесін құру						
1. Тиісті заңнамалық және нормативтік базаны дайындау, оның ішінде:	акт		4	2		
1.1. жер қойнауын пайдаланушылар мен мердігерлердің адалдық шарттарын белгілейтін жүйелеу алгоритмін жасау	акт				1	
1.2. тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда қазақстандық қамту үлесі бойынша жер қойнауын	акт				1	

пайдаланушылардың міндеттемелерін тиімді есептеу әдістемесін әзірлеу						
2. «Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізуде қолданылатын ТЖҚ және оның өндірушілерінің тізілімі» толтырылу бөлігінде ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	іс-шара			4	4	4
3. «Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізуде қолданылатын ТЖҚ және оның өндірушілерінің тізілімі» ақпараттық жүйесін кешенді, кеңестік, ақпараттық-технологиялық және техникалық сүйемелдеу	іс-шара			1	1	1
4. «Жер қойнауын 1 пайдалану операцияларын жүргізуде қолданылатын ТЖҚ және оның өндірушілерінің тізілімі» ақпараттық жүйесі бойынша конференция, дөңгелек үстел және оқыту семинарларын өткізу	іс-шара			4	4	4

2-стратегиялық бағыт. Отын-энергетика кешенінің серпінді дамуы

2.1-мақсат. Энергетикалық ресурстар мен қуаттарды тиімді пайдалану

М а қ с а т т ы

1. Ел бойынша энергия көздерінің белгіленген қуатын пайдалану коэффициентін жыл сайынғы 2 %-ға өсірумен 20 жеткізу.

2.1.1-міндет. Отын-энергетика кешенінде және электр және жылу энергиясын тұтыну саласында энергия және р әзірлеу мен іске асыру, энергия үнемдеу саласында нормативтік құқықтық база құру

1. Электр энергетикасы саласындағы нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу және қайта қарау	саны	20	20	20	20	20
2. Энергия үнемдеу саласында нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу	саны		3	3	3	2
3. Электр энергетикасы объектілерін, электр және жылу энергиясының ірі	объектілердің саны		117	108	117	117

тұтынушыларын қадағалаумен және бақылаумен қамту						
4. «Энергия үнемдеу туралы» ҚР Заңын жүзеге асыру үшін қажет нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу	саны			9		
5. Энергия үнемдеудің мемлекеттік тізілімін жасау	тізілім			1	1	1

2.2-мақсат. Экономиканың электр энергиясына деген өскелең қажеттілігін қамтамасыз ету

М а қ с а т т ы

1. 2014 жылы электр энергиясын өндіруді 2008 жылға қарағанда 20,5 %-ға
2. Қазақстанның қажеттілігін өзінің энергия көздерінен 100 %-ға дейін қанағаттандыру экономика және тұрғын-үй салаларын энергиямен жабдықтаудың тұрақтылығын арттыруға, токтың жиілігі мен кернеуі бойынша беріл тұрақтандыруға әкеледі және бәсекеге қабілеттіліктің ағымдағы индексі деңгейінің төмендеу тәуекелінің азаюына :

2.2.1-міндет. Электр энергетикасы саласындағы инвестициялық тартымдылықты арттыру

Саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу	НҚА саны (заң жобасы, салалық бағдарлама, тұжырымдама, базалық және шекті бағалар мен САТ тобы бойынша тәртіп)	2	2			
---	---	---	---	--	--	--

2.2.2-міндет. Жұмыс істеп тұрған қуаттарды қайта құру, жаңғырту және жаңа қуат көздерін салу

1. Балқаш ЖЭС I - модулін салу, 1320 МВт (қаржыландыру: 70% - заем қаражаты; 30 % - өз қаражаты)	инвестициялық жоба		жобаны іске асыруды бастау			
2. Екібастұз 2-ГРЭС-те № 3 энергия блогын салу, 500 МВт (заем қаражаты, « Самұрық-Энерго» АҚ-тың және 2-ГРЭС екінші акционерінің қаржылары)	инвестициялық жоба		жобаны іске асыруды бастау			
3. Мойнақ ГЭС-ін салу, 300 МВт (заем қаражаты, өз қаражаты)	инвестициялық жоба				жобаның аяқталуы	
4. Ақшабұлақ кенорында ГТЭС салу, 87 МВт (өз қаражаты, заем қаражаты)	инвестициялық жоба		жобаны іске асыруды бастау		жобаның аяқталуы	
5. Орал қаласында ГТЭС салу, 54 МВт (өз қаражаты, заем қаражаты)	инвестициялық жоба		жобаны іске асыруды бастау		жобаның аяқталуы	
6. Жаңа жол ГТЭС-ін 110 МВт-қа дейін кеңейту (меншік иесінің қаржысы)	инвестициялық жоба				жобаның аяқталуы	

7. Екібастұз 1-ГРЭС-те № 8 энергия блогын қалпына келтіру, 500 МВт (меншік иесінің қаржысы)	инвестициялық жоба		жобаны іске асыруды бастау			жобаның аяқталуы
8. Ақсу ГРЭС-тің № 2 энергия блогын қалпына келтіру, 325 МВт (меншік иесінің қаржысы)	инвестициялық жоба			жобаны іске асыруды бастау	жобаның аяқталуы	

2.2.3-міндет. Электр желілері объектілерін салу

1. «Мойнақ ГЭС-інің қуатын беру» жобасын іске асыру: екі 220 кВ ЖВ желі тарту, қазіргі 2 қосалқы станцияны кеңейту және Мойнақ ГЭС-інің 220 кВ АТҚ салу» («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) АҚ-тың жарғылық капиталын кейін «KEGOC» АҚ-тың жарғылық капиталымен қорландыра отырып ұлғайту үшін РБ қаражаты, қарыз қаражаты)	инвестициялық жоба		трассаны келісу, ЖСҚ-ны әзірлеу	жобаның басталуы		жобаның аяқталуы
2. Қазақстан ҰЭЖ-ге қосылумен 500 кВ Алма қосалқы станциясын салу («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) АҚ-тың жарғылық капиталын кейін «KEGOC» АҚ-тың жарғылық капиталымен қорландыра отырып ұлғайту үшін РБ қаражаты, қарыз қаражаты)	инвестициялық жоба		трассаны келісу, ЖСҚ-ны әзірлеу	жобаның басталуы		
3. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылу-энергетикасы жүйесін дамытуға мақсатты трансферттер (РБ-ден қаражаттар)	инвестициялық жобалар	13	30	24	14	9

2.3-мақсат. мұнай ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру

М а қ с а т т ы

- 2014 жылы мұнай өндірудің теңгерімделген көлемінің 14,4 млн. тоннаға өсуін қамтамасыз ету
- 2014 жылы мұнай өңдеу зауыттарында (МӨЗ-де) мұнай өңдеу көлемі 2,7 млн. тоннаға өсуін қамтамасыз ету
- 2014 жылы мұнай экспорты 12,2 млн. тоннаға ұлғаяды (2008 жылы 119,4 %).

2.3.1-міндет. Экономиканың көмірсутектерге деген ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету

1. мұнай өндіру көлемін жыл сайынғы ұлғайту	мың тонна	70 617	75 770	80 000	81 000	83 000
(өткен жылмен салыстырғанда)	%	105,0	107,3	105,6	101,3	102,5

2. ҚР МӨЗ-де мұнай өңдеу көлемін жыл сайынғы ұлғайту	мың тонна	12 288,7	12 300	12 700	13 500	14 000
(өткен жылмен салыстырғанда)	%	102,1	100,1	103,3	106,3	103,7
3. Бензин өндіру көлемі	мың тонна	2 491,1	2 590,0	2 667,0	2 829,4	2 916,9
(өткен жылмен салыстырғанда)	%	94,8	104,0	103,0	106,1	103,1
4. Дизель отынын өндіру көлемі	мың тонна	3 986,9	3 800,0	3 810,0	4 206,4	4 362,8
(өткен жылмен салыстырғанда)	%	101,7	95,3	100,3	110,4	103,7
5. Авиакеросин өндіру көлемі	мың тонна	399,2	370,0	418,0	461,3	479,9
(өткен жылмен салыстырғанда)	%	154,1	92,7	113,0	110,4	104,0
6. Мазут өндіру көлемі	мың тонна	3 134,6	3 270,0	3 175,0	2 923,6	3 031,0
(өткен жылмен салыстырғанда)	%	121,7	104,3	97,1	92,1	103,7

2.3.2-міндет. Мұнайды ішкі нарықтарға тасымалдау бағыттарын әртараптандыру

1. Мұнай экспортын ұлғайту	мың тонна	62,82	69,0	73,5	73,5	74,0
(өткен жылмен салыстырғанда)	%	104,2	109,8	106,5	100,0	100,7

2.3.3-міндет. мұнай саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

1. Мұнай саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу	саны	4	3			
2. Мұнай саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу	саны	1	1			

2.4-мақсат. Газ ресурстарын ұтымды және тиімді пайдаланудан әлеуметтік-экономикалық тиімділікті арттыру

М а қ с а т т ы

- 2014 жылы шикі газ өндіру көлемінің өсуін 2008 жылмен салыстырғанда 61,3 %-ға жеткізу (өн
- 2011 жылы өткізу қабілеті 5 млрд. текше м. дейінгі Бейнеу-Бозой-Ақбұлақ газ құбырының 1-кезегін іске қос өңірлерінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Жалпы жобаны жүзеге асыру бойынша 450-ге жу
- 2014 жылға қарай құрғақ газ экспортын 3,6 млрд. текше метрге (2008
- Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге (ӨБТК-ға) сәйкес өтемділігіне қарай босайтын активтердің
- Газ саласының ұйымдарын нормативтік-техникалық құжаттармен (техникалық регламенттермен және стандартт

2.4.1-міндет. Газ өндіру көлемін ұлғайту

Газ өндірудің өсуі (өткен жылмен салыстырғанда)	%	113,1	106,2	118,8	104,6	100,3
---	---	-------	-------	-------	-------	-------

2.4.2-міндет. Қазақстан Республикасының ішкі нарығының өсіп отырған қажеттіліктерін газбен үздіксіз және тұрақ

1. «Бейнеу-Бозой-Ақбұлақ» магистральдық газ құбырын салу (бюджеттік қаржылар және концессионердің қаржысы)	жылына млрд. текше м.					5,0 дейін
--	-----------------------	--	--	--	--	-----------

* Ескертпе. «Бейнеу-Бозой-Ақбұлақ» магистральдық газ құбырының құрылысы бойынша жобалау-смет аяқталмағандықтан және жобаны қаржыландыру мәселесі әлі шешілмегендіктен, жыл сайынғы газ көлемі түзеті

